
ӘЛЕУМЕТТІК АЯСЫНДАҒЫ ПОСТИНДУСТРИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ-КОРПОРАЦИЯ

Д.К. Құсбеков

XX ғасырдың 60-шы жылдары саяси және әлеуметтік концепция ретінде пайда болған постиндустриялық қоғам теориясы қазіргі таңда Батыс және Шығыстың бірқатар мемлекеттерінде қоғамның жаңа генезис типі ретінде дамып келеді. Айта кету керек, постиндустриялық қоғам (Д.Белл) және кейбір әдебиеттерде ақпараттық қоғам (Ф. Махлупа және Т. Умесао) өзінің мазмұны жағынан индустриялық қоғам саласы ауқымынан шығып, жұмыстың жаңа түрі, қызмет көрсету саласына қарай бет бұрды. Оның негізгі даму факторы – экономикалық өркендеу, геосаяси жағдайдың жақсаруы, өндіріс күші ретінде кәсіптік білімі бар адамдарды талап етуі.

Қоғамдық болмыстың осындай өзгеріске ұшырауы экономиканың даму салдарынан пайда болған әлеуметтік құбылыс деп қабылдаймыз. Қоғамдық болмыстың екінші жағы – (экономика саласымен тығыз байланысты) мемлекет және саяси жүйе. Қоғамда болып жатқан өзгерістер (түбегейлі өзгерістер) мемлекетке әсерін тигізбей кетпейтіндігі белгілі. Экономиканың даму заңдылықтары мемлекеттің даму заңдылықтарына және керісінше (диалектиканың бірінші заңы саннан сапаға көшу және керісінше) ықпалын тигізіп отырады. Сондықтан мемлекеттің өзі жаңа мега-мемлекет генезис типіне айналады. Оны постиндустриялық мемлекет-корпорация (Маркарян К.В.) немесе мега-мемлекет (авт.) деп салыстырмалы түрде атауға болады.

Жүздеген жылдар бойы көптеген ойшылдарды мемлекет туралы мәселе толғандырып келеді. Постиндустриялық мемлекет концепциясының пайда болуы да осыған байланысты. Мемлекет қалай пайда болды, қалай дамыды және қоғам мен жеке адам тағдырына қалай әсер етті деген сауалдарды біз әдебиеттерде жиі кездестіреміз.

Мемлекет болып қалыптасып келе жатқан дәуірде жеке тұлға (мемлекет субъектісі ретінде) мемлекеттің болашағы үшін қызмет етті (Платон, Аристотель). Ол кезде адамның ақыл-ойы мемлекет ауқымынан шыға алмады. Яғни, мемлекетті құдайдың жердегі көрінісі ретінде қабылдады. XXI ғасырда жаһандану әлемінде болып жатқан өзгерістерге қарағанда корпорациялар құрылып жатыр, соның аясында мемлекет жердегі құдай Левиафанға айналуы да мүмкін (Дж. Локк). Постиндустриялық мемлекетте немесе мега-мемлекетте жай ғана корпорациялар құрылып қоймай, мега-корпорациялар құрылуы тиіс. Инновациялық технологиялардың тез

карқынмен дамуына және қоғамға енуіне жыл, ай сайын емес күнделікті жетілдіріліп отырғандықтарына қарағанда ол ерте не кеш туады.

Қоғам жетілген сайын мемлекеттегі адамдар арасындағы қарым-қатынас та өзгеріске ұшырайды. Тілдің өзі қарапайым әдеби тілден сандық тілге көшіп барады. Адамның ойлау процесі де сандық форматтың негізінде қалыптасып бара жатқаны жасырын дүние емес. Ендігі жерде жеке тұлға субъект ретінде объектіге, яғни мемлекетке өз талаптарын қоя бастайды. Субъективтік талаптар объективтік мүмкіндіктерді өз пайдасына қарай пайдаланады. Бірақ мемлекет табиғаттың объективтік жемісі ретінде өзінің субъективтік (жеке тұлға алдында) маңызын жоймайды. Сондықтан мемлекетті біржақты қабылдау мүмкін болмағандықтан, мемлекет туралы идеялар мен көзқарастар әр дәуірде әр түрлі қарастырылды. Олар қоғамдық сана формаларының даму деңгейіне және ақыл-ой мәдениетіне байланысты болды.

Екінші жағынан мемлекетті күрделі және әлеуметтік құбылыс ретінде (субъективтік факторларға байланысты) субстанционалдық негізде қарастыру керек. Сондықтан мемлекет туралы әлі күнге дейін бір жақты пікір және көзқарас қалыптасқан жоқ.

Мемлекетті қоғамды басқарудың формасы ретінде кең мағынада қолдануға болады, бірақ ол мемлекеттің (әлеуметтік құбылыс ретінде) рөлін айқын ашып көрсете алмайды. Егер де оны тар мағынада қарастырсақ (билік субъектісі ретінде), оның қоғам және жеке тұлға үшін объективтілігін көрсете алмаймыз.

Неміс заңгері Г. Кельзен мемлекет туралы бір жақты пікір жоқтығын, әр тарихи дәуірде мемлекет туралы пікірлер әртүрлі көзқарастың негізінде қалыптасқандықтан, әлі күнге дейін ортақ пікір жоқ деп түсіндіреді.

Осы орайда, біздің мемлекет қай жолмен дамуы керек?

Соңғы кездері әлеуметтік философия, саясаттану және әлеуметтану әдебиеттерінде «үшінші жол» деген сөзді жиі кездестіреміз.

Коммунистік идеология (қай жағынан болмасын) бұрынғы постсоциалистік Кеңес Одағы кеңістігінде болғандықтан, ол өзінің өмір сүру процесінде дәрменсіздігін көрсеткендігіне көзіміз жетті. Сол сияқты либералдық-капиталистік теорияны қайта саралап шығу мемлекет дамуының өзіндік жолын қарастыруды талап етіп отыр. Сондықтан саясаттану тарихы жаһандану әлемінде өркениеттер арасындағы шиеленістерді шешудің жаңа жолын іздеу үстінде. Жаһандану әлеміндегі дағдарыстың ішінде біз қандай жолды таңдамақпыз. Бір айқын жағы ХХІ ғасырда социалистік жүйені қайта жаңғырту мүмкін емес. Ол – ақиқат. Қазіргі жаһандану әлемінде оған орын жоқ. Уақыт көрсеткендей әлемдік деңгейде бәсекеге аса қабілетті Кеңес Одағының жетістіктерін қабылдап әрі қарай дамытуға болады. Сонымен қатар соңғы жиырма жыл ішінде экономикалық жүйені дамытудың Батыстың позитивтік және негативтік жақтары болғандығын байқадық. Өйткені

Батыс және Шығыс елдерінің әлеуметтік-экономикалық жүйелерін толық немесе жартылай көшіріп алу мүмкін емес. Ол көптеген факторларға байланысты. Соның ішіндегі маңыздыларының бірі – геосаяси жағдай.

Жоғарыда айтып кеткендей, саясаттану және әлеуметтік философия саласында «үшінші жол» деген мәселе жиі көтеріліп жүр. Оның мәні – социалистік жүйе мен капиталистік жүйенің қосындысы. Бірақ оның ол қандай «жолға» алып келетіндігі белгісіз. Қазақстан үшін басқа да жолдарды қарастырған жөн. Алдыңғы қатарлы мемлекеттердің тәжірибесіне жүгінген де дұрыс болар, бірақ олардың саяси жүйесі мен экономикасы тарихи заңдылықтың негізінде пайда болып дамығандығын ұмытпаған жөн. Сондықтан оларда болып жатқан жаһандану модернизация процесі заңды. Ал біздер осы процеске енді ғана қосылып барамыз. Осы жолда біздер үшін ең қолайлы және тиімді нұсқаны алып, қоғамның барлық салаларына еңгізу қажеттігі туындайды.

Әлем деңгейінде жиі айтылып және талқыланып жүрген постиндустриялық қоғам немесе акпараттық қоғамның (Ф. Махлупа және Т. Умсао) мәнін Д. Белл «Болашақ постиндустриялық қоғам» атты еңбегінде былай түсіндіреді: «Постиндустриялық қоғамда техникалық білім билікке қол жеткізудің негізіне айналады, ал құралы – білім; алдыңғы орынға шығатындар (қоғамның элиталық бөлігі) – зертеушілер мен ғалымдар» /1,228 б./. Постиндустриялық қоғамда мемлекеттің болашағын айқындайтын білімді адамдар болса, әлемдік жаһандану процесіне ену біз үшін қиындықтар туғызбайтындығы анық. Және де Д. Белл постиндустриялық қоғамдағы мемлекеттік саяси жүйені былай сипаттайды: «Постиндустриялық қоғамда жүйенің өзгеруі тұсында екі жағдай айдан анық болып шығады: біріншіден, жеке *страта* ретінде ғалымдар немесе неғұрлым кең тұрғыдан алғанда техникалық интеллигенция енді саяси процеске есепке алынуы тиіс, бұл бұрын ешқашан болған емес; екіншіден, алғанда ғылым басқа негізгі әлеуметтік топтар (мысалы, кәсіпкерлер мен әскерилер) этосынан өзгешеленетін этоспен басқарылады және осы этос ғалымдардың саяси тұрғыда басқа топтардан өзгеше қимылдауын көздейді» /2,229 б./. Постиндустриялық қоғамда постиндустриялық мемлекет құру бізді айқындайтын мақсаттардың бірі болуы тиіс.

Болашақта ғылыми және экономикалық институттарды біріктіру арқылы оларды мемлекеттік деңгейге дейін көтеру керек. Сол арқылы нарықтық экономиканың даму заңдылықтарын мемлекет тарапынан қадағалауға алуға болады. Бұл жерде азаматтық қоғам қағидаларына қайшы келеді деген ой туындауы да мүмкін, сондықтан тек қана экономикалық институттарды мемлекеттік деңгейге дейін көтеріп (К.В. Маркарян) қана қоймай, сонымен қатар, меншік түріне қарамастан ғылыми институттардың өзін де мемлекеттік деңгейге көтеру қажет. Осы жолда экономикалық,

саяси және әлеуметтік технология кешеніндегі әдіснамалық жетістіктерді де дұрыс қолдана білуіміз қажет. Мемлекет өз тарапынан осы кешендегі технологияларға қадағалау жасау арқылы оларды қоғам өміріне енгізуге міндетті. Ендігі жерде мемлекет тек қадағалаушы, бақылаушы орган ретінде қызмет атқармай, өзінің қоғамдағы болмысын басқа қызметтерге ауыстыруы тиіс. Мемлекет қоғамдағы барлық әлеуметтік маңызы бар институттарды біріктіруші рөліне ие болады. Мемлекеттің өзі қоғамдық өмірде мегасубъектіге айналады.

Мемлекеттің мегасубъектіге айналу процесі қалай жүреді? Адамның ақыл-ойы (табиғаттың объективтік заңдылықтарына байланысты) тұтас дүниені жеке бөлшектерге бөліп қарастыруға тырысады. Мұндай әдіснаманы қолданып (дедуктивтік әдіс), саралау ғылыми пайымдауға алып келеді. Қоғамда мемлекеттің өзін тұтас дүние ретінде қабылдаймыз. Сондықтан тұтас дүниеге анықтама беру алға қойған міндетімізді біршама жеңілдетеді. Постиндустриялық корпорациялық мемлекетті тұтас дүние ретінде қарастырғанда, осы дүниенің көптеген бөлшектері назардан тыс қалып қоюы да мүмкін.

Адамдар қоғамда болып жатқан өзгерістерді, соның ішінде, постиндустриялық мемлекетті әлеуметтік құбылыстардың бірі деп қабылдайды. Батыс елдерінде постиндустриялық қоғамды (мемлекетті) жаңа инновациялық технология өркениетімен, саяси демократия және мәдениеттің көптеген модельдері-мен байланыстырады. Бұл құбылыстардың барлығын экономика заңдылығымен байланыстырып қарауға болмайды немесе экономиканың жетістігі деп бір жақты айтуға да болмайды. Олардың барлығы жалпы қатынастар дүниесіне кіреді. Сондықтан осындай көп жақты әлеуметтік қатынастардың ішінен постиндустриялық корпорациялық мемлекетті немесе мегамемлекетті «таза» күйінде құбылыс ретінде бөліп алып қарастыру мүмкін емес.

Болашақта көптеген корпорациялардың бірігуі мегакорпорациялардың пайда болуына алып келеді. Мұндай өзгерістердің ішінде мемлекет сырт қалып қоя алмайды. Мегакорпорацияларды Бақылауға алу үшін, мемлекеттің өзі мегамемлекетке айналуы тиіс. Бұл жақын болашақта болатын құбылыс. Өйткені адамзат тарихына жүгінетін болсақ, бір формациядан екінші формацияға өту уақыты дамыған сайын қысқарып бара жатқандығын байқаймыз. Мысалға, алғашқы қауымдық құрылыстан құл иеленушілік құрылысқа өту үшін мыңдаған жылдар уақыт қажет болды. Ал құл иеленушілік қоғамнан феодалдық қоғамға дейін өту аралығы шамамен бір мың жылдан аса уақытты қамтыса, феодалдық қоғамнан капиталистік қоғамға өтуге шамамен 300-350 жыл керек болды. Капиталистік формациядан постиндустриялық формацияға (кейбір әдебиеттерде посткапиталистік қоғам деп те атайды) өту үшін шамамен 50-100 жыл уақыт керек болды.

«Постиндустриализм шеңберінде әр тарихи прогреске өту сатысы 1,5-ға дейін қысқарады екен» /3,7 б./. Бұл уақыттың барлығы салыстырмалы түрде шамамен алынып отырғандығын ескеру қажет.

Постиндустриялық мемлекет-корпорация – ол тек тәжірбиенің элементі ғана емес, ол ең бірінші орындағы концепция. Сондықтан қандай да концепция болмасын оның объективтік және субъективтік жақтары да болады.

Постиндустриялық мемлекет-корпорацияны бір жақты, яғни экономикалық жүйе ретінде ғана қарастыруға болмайды. Бір жағынан, онда экономикалық жүйенің негіздері бар (корпорация т.б.), екінші жағынан, осы корпорацияларға мүше болып отырған инвесторлардың (қоғам субъектілері) мақсаттары мен инвестицияларын қадағалап, қорғайтын саяси жүйе де бар.

Постиндустриялық мемлекет-корпорация ол – адамзат тарихының жемісі. Яғни, осындай жетістіктерге жетудің өзіне талай уақыт қажет болды. Осы құбылыстың пайда болуы мен өмір сүру уақыты әлі де болса талай пікір-таластарды туғызатыны сөзсіз. Бірақ нақты айтылатын мәселе, постиндустриялық мемлекет-корпорациялардың пайда болуына түрткі болған капиталистік қатынастардың дүние жүзіне кеңінен таралуы. Батыс және Шығыстың бірқатар елдерінде корпорациялар мен әртүрлі деңгейдегі сауда институттарының дамуы бір мемлекет төңірегінде шектелмей, басқа мемлекеттердің де экономикасына, саясатына және мәдениетіне де әсер етуінің арқасында постиндустриялық мемлекет-корпорацияның негізі қаланғандығы айқын. Ақпараттық және инновациялық технологиялардың тез қарқынмен дамуы, әсіресе Жапонияда, АҚШ-та және Азияның бірқатар мемлекеттерінде ішкі нарық әлемін қанағаттандырып, сыртқы нарық әлемінде дамуды талап етіп отырды. Мұдай ақпараттық және инновациялық ахуал өзін көп тостыртпады. Нарықтық экономика заңдылығына сай, олар көршілес және алыс жатқан мемлекеттерді бірте-бірте өздерінің экономикалық кеңістігіне тарата бастайды (заңды процесс).

Постиндустриялық қатынастар XX ғасырдың басында қалыптаса бастады, ал Д. Белл постиндустриялық қоғам теориясының негізін қалаушы ретінде, XX ғасырдың 70 жылдары «қоғам индустриялық қатынастың шекарасынан шығып, дамудың жаңа фазасына» көшкендігін атап өтті /4,234 б./. Д. Белл индустриализм теориясының даму тарихында екі негізгі кезеңді қарастырып, үшінші постиндустриялық этапқа келгенде, оның бірінші және екінші қоғам сатысынан айырмашылығы ретінде қызмет көрсету сферасы және ғылымды өндіру сфералары жетекші орынға ие болатындығын атап өткен.

Постиндустриялық қоғамның қалыптасуына тағы бір үлкен түрткі болған - Батыс елдерінде, сонымен қатар (оны ерекше айта кету керек) бұрынғы Кеңес Одағындағы XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы ғылыми-техникалық революция. Ғарышты игеру, жаратылыстану ғылымда-

рындағы ашылған жаңалықтар, өнеркәсіптің барлық салаларын толық автоматты жүйеге көшіру т.б. әлеуметтік прогресивті процестер қоғам даму динамикасын түп-тамырымен өзгертті. Постиндустриялық қоғам теориясын жақтаушылар ақпараттық технологияларды қолдану жағын кеңейту арқылы, ғылыми өндірісті экономиканың жеке саласына, ал университеттерді ғылымды өндіру ордасына айналдыру туралы да атап өткен. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың да университеттердің жанында ғылыми-зерттеу институттарын құру керек деп сауатты жүргізіп отырған саясатының мәні де осында.

Постиндустриялық мемлекет-корпорацияның тарихи мазмұнын нақтылайтын болсақ, мемлекеттің өзі корпорация ретінде экономиканың даму салаларына бағыт-бағдар беріп отырады. Ал азаматтар тұтынушылар ретінде ғана емес, керісінше осы процеске қатысушылар ретінде әлеуметтік прогресті қозғаушы және қадағалаушы рөлін атқарады. Алынған табысты инвесторлар (азаматтар) арасында бөлу арқылы мемлекет әлеуметтік әділеттіліктің нысанына айналады. К.В. Маркарян мемлекет пен азаматтар арасындағы теңдік үндестігін орнату үшін, мемлекеттік құнды қағаздардың екі түрін ұсынады: *ажыратылмайтын саяси және ажыратылатын экономикалық* акциялар. Бұл акциялардың қоғамда атқаратын рөлі әртүрлі. Біріншісі, мемлекетті басқару процесіне қатысу құқығы және түскен пайданы бөлу мүмкіндігі. Екіншісі, тек үлес (пай) құқығын береді.

Жоғарыда берілген анықтамамен келіспеушілер де болуы мүмкін, бірақ ол – аксиома немесе қатып қалған догма емес, әлеуметтік құбылыс ретіндегі постиндустриялық мемлекет-корпорацияға немесе мегаемлекетке аргументті түрде берілген түсініктеме.

Қалай болса да постиндустриялық қоғам туралы айтып кеткен көпшілік ғалымдардың берген бағасы позитивті (Р. Арон, У. Росту, Д. Белл т.б.). Біздің ойымызша, постиндустриялық кезең үлкен интеллектуалдық өндіргіш күштердің дамуына әрекет етті, ал ол өз алдына адамзатты материалдық игіліктермен қамтамасыз етіп қана қоймай, ең бірінші орында бай рухани игіліктермен қамтамасыз еткендігі белгілі.

Осы әлеуметтік прогресивті прогрестің бәрі саясатты модернизациялауға итермелейді.

Саяси модернизация түсінігі – ХХ ғасырдың 50-ші жылдары Батыс елдердің, дамып келе жатқан мемлекеттерге жүргізіп отырған саясатын айқындау үшін пайда болған теория. Кейін ол әлемдегі жаһандану процесіне байланысты ғылыми-техникалық процестің негізінде қоғамның дәстүрлі күйінен рационалды күйіне көшу процесін сипаттайтын концепцияға айналды.

Постиндустриялық мемлекет-корпорацияларда саяси модернизация үлкен қайшылықтарға тап болуы мүмкін емес. Саяси жүйені модернизация-

лауға ақпараттық технологиялардың жетістіктері шешуші рөл атқарады. Мұнда тек бір ғана туындайтын мәселе ол – саяси институттардағы қалыптасқан дәстүрлі құндылықтар мен модернизацияланған құндылықтар арасындағы шиеленіс. Ол – саяси-экономикалық және мәдени өзгерістерге ұшыраған барлық елдерге тән құбылыс. Біздің мемлекет үшін ондай қиындықтар туындамайтынына сенімдіміз. Өйткені халықтың білім деңгейі жоғарғы дәрежеге көтеріліп барады, сондықтан саясатта, экономикада және мәдениеттегі болып жатқан модернизацияны халық тез арада игеріп алады. (Егер біз болашақта білім беру жүйесін дұрыс қаржыландырмасақ және оны мемлекеттік саясаттың бастапқылық міндетіне айналдырмасақ, онда болашақта қоғамды модернизациялау қиынға түседі. Адамзат болашағы постиндустриялық қоғаммен шектелмейтінін ұмытпаған жөн). Постиндустриялық мемлекет-корпорацияларда саясатты модернизациялау көптеген объективтік жетістіктерге алып келетіндігі сөзсіз.

1. Әлемдік саясаттану антологиясы. 10 томдық. «Мәдени мұра» бағдарламасы. Алматы: - ЖШС «Қазақстан «баспа үйі», 2007 ж. – Т.7. 544 бет.
2. Әлемдік саясаттану антологиясы. 10 томдық. «Мәдени мұра» бағдарламасы. Алматы: - ЖШС «Қазақстан «баспа үйі», 2007 ж. – Т.7. 544 бет.
3. Новая постиндустриальная волна на Западе. Антология /Под редакцией В.Л. Иноземцева. М.: Academia, 1999. 640 стр.
4. Политическая энциклопедия. В 2 т. Т.2 /Нац. обществ.-науч. фонд; Рук. проекта Г.Ю. Семигин. М.: Мысль, 2000. – 701, [2] с.

Кусбеков Д.К.

Постиндустриальное государство-корпорация в социальном контексте

Статья посвящена изучению проблемы постиндустриального государства-корпорации или мегагосударства в глобализирующемся мире. Рассматриваются такие понятия как постиндустриальное общество, мегасубъект, информационное общество, политическая модернизация и другие. Постиндустриальное государство-корпорация или мегагосударство рассматривается как основа ближайшего будущего общества, так как глобализация всего мира не может не затронуть основы государственности.

Kusbekov D.K.
Post-industrial State in Social Context

This article is dedicated to learn study problem of postindustrial statement-corporation or mega state in globalized world. such meanings as postindustrial society, mega subject informational society, political modernization and etc are examined in the article. Postindustrial statement-corporation or mega state are examining such nearer future of the base of society, as so as globalization of the entire world can influence the bases of statehood.